

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№3 (124) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500

(ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

<i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері .....	8
<i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы .....	52
<i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі .....	69
<i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша) .....	88
<i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері .....	98
<i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат .....	109
<i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері .....	116
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері .....	128
<i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары .....	157
<i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер .....	169
<i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі .....	177
<i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты .....	192
<b>Мақаланы рәсімдеу үлгісі</b> .....	204

---

---

## Contents

<i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina .....	8
<i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo .....	17
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching .....	29
<i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail .....	39
<i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum ....	46
<i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication .....	52
<i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives .....	59
<i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka .....	69
<i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria .....	81
<i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev’s Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....	88
<i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors .....	98
<i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aitys .....	109
<i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres .....	116
<i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly .....	128
<i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment) .....	135
<i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art .....	149
<i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse .....	157
<i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages .....	169
<i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms .....	177
<i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language .....	185
<i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments .....	192
<b>Template</b> .....	206

---

---

## Содержание

<i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины .....	8
<i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации .....	52
<i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки .....	69
<i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие») .....	88
<i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор .....	98
<i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах .....	109
<i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора .....	116
<i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы .....	128
<i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса .....	157
<i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков .....	169
<i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе .....	177
<i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках .....	192
<b>Образец оформления статьи</b> .....	208

ХҒТАР 16.01.09:

**Н.Г. Шаймердинова<sup>1</sup>, Б.С. Жиёмбай<sup>2</sup>, Г.Т. Жиёмбаева<sup>3</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*(E-mail: <sup>1</sup>nurila1607@mail.ru, <sup>2</sup>zhiembai\_bibigul@mail.ru, <sup>3</sup>zgulbahram@mail.ru)*

### **Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты**

**Аңдатпа.** Қазіргі түркітану мен тілтанымның түрлі салаларында қыпшақ тілінде жазылған мұралар сипатталып, зерттелгенімен, «Төре бітігі», «Қыпшақ грамматикасы» секілді армян-қыпшақ ескерткіштері тілдік тұрғыда арнайы зерттеу нысаны болған емес. Осы себепті мақалада орта ғасырлық армян-қыпшақ «Төре бітігі», «Қыпшақ грамматикасы» жазба ескерткіштерінің тілінде кездесетін есім сөз таптарына жан-жақты талдау жасалған.

Қазіргі қазақ тілінің орта ғасырлық қыпшақ тілі негізінде дамығаны белгілі. Мақала тақырыбының негізгі мақсаттарының бірі – орта ғасырлық қыпшақ тілінен қазіргі қазақ тілінің қалайша өсіп шыққандығын нақты тілдік деректер мен заңдылықтарды зерттеу негізінде дәлелдеу. Армения «Матенадаран» мұрағатында сақталған қолжазбалар осы мақалада қазақ тіл білімінде алғаш рет ғылыми пайымдаулар мен зерттеуге негіз болған.

**Түйін сөздер:** ескерткіштер, орта ғасыр, қыпшақ, армян-қыпшақ, зат есім, сын есім, сан есім, категория.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-192-203>**

**Кіріспе.** Қазақ әдеби тілінің тарихи қалыптасу, даму жолын айқындауда қыпшақ тіліндегі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлі ерекше. Орта ғасыр қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер тарихи, әлеуметтік және сол кездегі саяси жағдайларға байланысты әр дәуірде, әр жерде, әр түрлі әліпбимен хатқа түскен. XVI-XVII ғасырларда Украина, Молдова, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым болып өмір сүрген, христиан дінінің армян-григориян бұтағын ұстанып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топ отандық және шетелдік түрктануда «армян-қыпшақтар», ал олардың жазып қалдырған жәдігерліктері «армян-қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталып жүр. Жан-жақты зерттеуді қажет ететін осындай ескерткіштер – «Төре бітігі» заңдар жинағы және қыпшақ тілінің заңдылықтарын ашып көрсететін «Қыпшақ грамматикасы».

**Зерттеу әдістері мен дереккөздері.** Жұмыстың сипатына қарай бұл мақалада ғылыми сипаттама әдісі, тарихи-салыстырмалы талдау, санау, қажетті мәліметтерді саралау, пікірлерді қорыту, дәстүрлі жүйелеу, семантикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің материалы ретінде армян-қыпшақ ескерткіші «Төре бітігі» заңдар жинағының ф.ғ.д., профессор Александр Гаркавец, ҚР ҰҒА академигі Ғайрат Сапарғалиев аударған нұсқалары, «Қыпшақ грамматикасы» қолданылды. Жалпы тақырыптық топтарды айқындауға, сөздерді талдауға байланысты түсіндірме, этимологиялық сөздіктер, оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі тілдік деректер мен тұжырымдар пайдаланылды.

Қыпшақ тілінің ішкі заңдылықтарын лексика-грамматикалық топтар (сөз таптары), олардың грамматикалық формалары мен грамматикалық категориялары негізінде көрінетін лингвистикалық түсінік ашып көрсетеді. Байытылған түрдегі осынау грамматикалық түсініктерде қыпшақтардың өмір салты мен діни наным-сенімі, территориясы мен жаулап алған аймақтарындағы сыртқы байланыстары, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан.

Көне түркі тіліндегідей, қыпшақ тілінде сөздердің лексика-грамматикалық тобы қыпшақ айтылымының предикативті құрылымын қалыптастыратын есімдер мен етістіктер арқылы көрсетілген. Қыпшақ тіліндегі ішкі грамматикалық заңдылықтарды ашу үшін зат есім, сын есім мен сан есім, есімдік пен етістіктерде қоршаған ортаның нақты сипаттамасы



берілген. Мәселен, гог (көк), еаррых (жарық), олум (өлім) – зат есім сөздер; гогтаки (көктегі), еаррыхлы (жарық, жарқын), олумлу (өлімді), олумсуз (өлімсіз), еог’арки (жоғарғы) – сын есім сөздер. Зат есімдерден жасалған сын есімдер сөз түрлендіруші -ki, -taki, -ly, -lu аффикстері арқылы, ал болымсыздық мәні -suz форманты арқылы жасалған [1].

**Зерттеу нәтижелері.** Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі зат есім сөздер грамматикалық тұрғыда түр мен категория негізінде сараланған. Зат есімді лексика-семантикалық топтарына қарай былайша бөліп қарастыруға болады: адамзат және ғаламзат есімдері, жалқы және жалпы есімдер, деректі және дерексіз зат есімдер. Мәселен, бір ғана «Төре бітігі» [2] ескерткішін алып қарастырсақ, ескерткіш тілінде кездесетін адамзат және ғаламзат есімдерін – адамға тән атаулар, туыстық атаулар, кәсіп иелерінің атаулары, этнос атаулары құрайды: адам (адам), ер (ер), есирик киши (есірік кісі, маскүнем), ана (ана), ата (ата), бичә (бәйбіше), ахпаш (епископ), аһа (ру басы), бабас (поп), башлых (көсем), бас евучи (бас кесуші, жендет), бий (би), бийәт (князь, мырза), бахучы (бақылаушы), борлачы (жүзімші), буйрухчы (бұйрықшы, басқарушы), вартабед (ғалым, монах), войницкий ранца (войницкий билеуші), войт (қала басшысы), врад (сот), дайфа (тайпа), джынс (халық, ұлт), дәрвеш (дәруіш), дэвьяр (дауласушы), елчи (елші), динсиз (дінсіз), джерүв (әскер), ермени (армян), игит (жігіт), йасах (жасак), йарғұчылыx (жарғышылық, лауазым), издөвүчү (арызданушы), йазыхлы (күнәхар), йазычы (жазушы, кенсе хатшысы), йүкчү (кепілге алушы), заступца (орынбасар), захоца (дауласушы), зинавор (әскери қызметші), көзәт (күзет), орұс (орыс), мағазичи (омарташы), милләт (ұлт, халық), мискин (жарлы, кедей), нахыс (мүгедек), оғлан (бала), оғұл (ұл), өбгә (арғы ата), киши (кісі), таных (куәгер), тесля (балташы), хараваш (күн), ұлұс (ұлыс), қаһана (қаған), ұста (ұста), чашұт (барлаушы), чұхұт (еврей), һаким (дәрігер), хатұн (қатын), хан (әулие, дін рәсімдерін ұстаушы), харт (қарт), хонах (қонақ), хоншұ (көрші), хыз (қыз), хұл (құл), ходжа (бай), шәгерт (шәкірт), фриштә (періште), т.с.с.

Ескерткіш тіліндегі жалпы есімдер екі түрлі аспектіде көрінеді: формалық және мағыналық жағынан қазіргі қазақ тілімен сәйкес келетін жалпы есімдер және басқа тілден енген, не мағыналық өзгешеліктерге ие жалпы есімдер. Қыпшақ тілі орта ғасырда басқа тілден өзіне қажетті сөздерді сіңіру арқылы, сөздік қорын молайтып отырған.

Қыпшақ тіліндегі зат есімдер түркі тілдеріне тән грамматикалық категорияларға ие, олар: жекеше және көпше түрі, септік, тәуелдік категориялары. Осылардың ішінде ең маңызды қызмет атқаратыны – зат есімнің жекеше және көпше түрлері, әсіресе көпше түрі. Жекеше түрі барлық түркі тілдерінде көрсетілгендей, морфологиялық тұрғыда көрінбеген. Көптік формасына сөз түрлендіруші -lar/-ler көптік жалғауы тән, кейін бұл түркі тілдерінің оғыз тобында сақталып қалған және қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы -tar/-ter, -dar/-der аффикстерімен өзара тұтастық құраған. Қыпшақ тілінің көптік формасы дүниенің әрауандылығын бейнелейді: еаррадучи (жаратушы) – еаррадучилар (жаратушылар); эдучи (жасаушы) – эдучилар (жасаушылар); эдучых (жоралғы) – эдучыхлар (жоралғылар); гог (көк) – гоглар (көк); еаррых (жарық) – еаррыхлар (жарық көпше түрде); олумсуз (өлімсіз) – олумсузлар (өлімсіздер); олумлу (өлімді) – олумлулар (өлімділер); дыных (жан, тыныс) – дыныхлар (жан); еаррадылкан (жаратылған) – еаррадылканлар (жаратылғандар); пу (бұл) – пулар (бұлар); к’енти (өзім) – к’ентилар (өзіміз); узун (ұзын) – узунлар (ұзын); к’енкых (ені) – к’енкыхлар (ені); сан (сан) – санлар (сандар), сапаб (себеп) – сапаблар (себептер) [1].

«Қыпшақ тілінің грамматикасында» септіктер жүйесі жақсы көрініс тапқан: пу (бұл) – пунунк (бұны); пулар (бұлар) – пуларнынк (бұларды); к’енти (өзім) – к’ентина (өзіме), к’ентик’ентина (өз-өзінен); к’ентилар (өзіміз) – к’ентиларына (өзіміз өзімізге), ханға (ханға). -Nunk, -nyнк, -на, -уна, -qa/-ка, тағы да басқа форманттар зат есімдер мен есімдіктер септіктерін құрып, объектілік, тұлғалық, мезгілдік және кеңістік-бағыттылық мағынасында жұмсалады. Көне түрік тіліндегідей соңғы мағына қыпшақ тіліне тән, яғни

қыпшақ әлеміндегі кеңістік параметрлерінің, олар иелік еткен Еуразиялық кеңістіктегі кең ауқымды аймақтың маңыздылығын білдіреді. Кеңістік мағынасын білдіретін септіктердің септелу үлгісі де алуан түрлі: -q/-k (-q-a-ry, -k-a-ry); -qa/-kä (han-qa, kön-kä); -ary/-äri, -qary/-käri (ilqary «ілгері», jayuqaru «жауға қарай»); -ra/-ri/ru (yru'k).

Түркі тілдеріндегі сын есімдерді армян-қыпшақ ескерткіші сын есімдерімен салыстырмалы талдай отырып, лексика-грамматикалық топтар мен категориялар мағыналарында үлкен семантикалық өзгерістердің байқалмайтындығына көз жеткізуге болады. Ескерткіш тіліндегі сапалық сын есімдер семантиканың жалпы үйлесімділігімен қоса, белгілі бір топтарға бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін мағыналық компоненттерден де тұрады, оларды былайша топтастыруға болады:

#### **Заттың сипатын білдіретін сын есімдер:**

**Ұлы** – ulu «улу». 1) Асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы мағынасында: ulu biy (ұлы би, князь), ulu kuclu biylar (ұлы күшті, құдіретті билер). 2) Үлкен мағынасында: Evet ki tiyasidir, ulu oylun olturyuzgay kendindan sonra zanlizka [ТБ, 10-бап, 89б.]. – Бірақ өзінен соң хандыққа үлкен ұлы отырсын, дегенмен хан қай ұлы лайықты, соны отырғызсын [ТБ, 10-бап, 655б.]. 3) Зор, ірі мағынасында: zera alarnin dayin özga ülü sayisylari bar edi [ТБ, 2-бап, 84б.]. – Олардың ойында басқа ұлы ниеттер болды [ТБ, 2-бап, 640б.].

**Зор** – ulu (үлкен мағынасында). Na povod ol azcyani ya toraga bayisylar, ya yarlılarga zucka berdirir, tek ol parsuna almaga bolmas, kimga ki zoyuldu hormatina zarsyi, zera kendinin ülü yenilliki bolur edi, alsa edi kimesa ol azcyani [ТБ, қосымша 67-бап, 186б.]. – Ал арыз беруші ол ақшаны немесе төреге бағыштасын, немесе жарлылар баспанасына берсін, тек намысына тигені үшін ақша төленген тұлғаның өзіне алуға болмайды, себебі ол ақшаны басқа біреу алса, оның өзіне зор жеңілдік болады [ТБ, қосымша 67-бап, 711б.].

**Ірі** – ulu, iri (үлкен мағынасында). Egar ki yaryudan yoluzsa kimesaga ülü orucyta yerliga utru ant ne isyta da bolsa, egar ülü, egar kiçyi, na ol yerliga berilmaz kerak Provoddan sonra nogarikunga antin tugallamaga, zacyan ki eksi da bir syaharlıdirlar [ТБ, қосымша 77-бап, 190б.]. – Егер біреудің жарғыда жергіліктіге қарсы қандай болса да іс бойынша мейлі ірі, мейлі ұсақ ант беруі ұлы оразаға дәл келсе, онда бұл жергіліктіге антты, екеуі де бір қалада тұрғандықтан, Проводтан кейінгі сейсенбі күні тағайындау керек [ТБ, қосымша 77-бап, 713б.].

Көнеден келе жатқан, түрік тілдеріне кең тараған сөз, ескерткіште «улу» формасында кездеседі. Көне жазбалар тілінде «ұлғаю, өсу» мәнін беретін u түбірі дербес лексема ретінде қолданылған. Орхон, Енисей, Талас жазбаларында осы түбірден жасалған ul түбір-негізі қолданылады: ulu/ulug «большой, важный, старший». Ал В.Банг этимологиясы бойынша ulu «ұлы» сөзінің бастапқы омоформасы «ұл» болған деп қарастырылады. Орхон ескерткіштерінен белгілі болғандай, көне түркілер есім сөздердің соңын -ғ, -г дыбыстарымен немесе -ығ, -іг морфемаларымен аяқтап отырған. Орхон түркілерінің тілінде болған осы құбылыс бойынша «ұл» сөзі «ұлығ» болып айтылған. Ал «ұл» сөзі «негізгі» және «басты» деген мағынаны білдіретіндіктен, оның «ұлығ» деген балама нұсқасы да осындай мағынаны білдірген. Ұлығ сөзінің «үлкен» және «ұлы» дейтін мағыналарды білдіретіндігі «Көне түркі сөздігінен» де белгілі. Қазіргі түркі тілдеріндегі «үлкен» сөзі де u тұлғасымен түбірлес: ü → ül → ülken. Қазақ тілінде қолданылып жүрген ұлы, ұлық сөздері бір сөздің бірі – ескі, бірі – жаңа күйі болып табылады.

**Ірі** сөзі қыпшақ тілінде «ірі» және «ұлы» тұлғасында қолданысқа ие, бірқатар түркі тілдерінде ірі сөзі тұлғалық та, мағыналық та жағынан айтарлықтай өзгеріске түсе қоймаған. Дегенмен, өзбек және ұйғыр тілдерінде «ирик» формасында жұмсалуды кейіннен болған құбылыс деп қарастырады Э.Севортян. Ірі сөзінің семантикалық құрамын «крупный», «толстый», «грубый» сөздерінің мағыналарының жақындығы құрайды. Махмуд Қашқаридың аргу тайпасынан келтірген «iorik» формасы (жесткий, хриплый, грубый) басқа зерттеулерде кездеспейді. Сол себепті ірі – ири(к) – ерик сөздерінің қай түбірден тарағанын болжап

айту қиын. Г.Вамбери генетикалық тұрғыда келесі қосымшалар мен түбірлерді біріктіре қарастырған: ер (мужчина) – ерік (сила) – ирик (большой) – ерик (утомляться) [3].

**Көне** – könü. а) Ертеде болған, бұрынғы, ескі, ежелгі мағыналарында: Zera köplar bardir, ki maztarlar özga dayfanin töralarini, ki könü töralari bar [ТБ, 1-бап, 836]. – Басқа тайпалардың төрелерін мақтайтын көп адамдар бар, оларда көне төрелері бар деп [ТБ, 1-бап, 638б.]. ә) Әділ, шынайы мағынасында: көнү ант ақиқат ант, көнү йарғұ әділ сот, көнү йарғұ етиңиз шындықпен әділ соттаңыз, көнү йарғұчү әділ жарғышы, көнү жаранк нағыз иесі, көнү көнү болғай ақиқат ақиқат болсын, көнү таных әділ куә, т.с.с.

**Жаңа** – yani. а) Өңі түспеген, бұрын ұсталмаған мағынасында: «Isyitiniz, ki aytildi Eski Törada bu türlü, yozesa men sizga Yani buyurumen bu türlü da erkitirmen Eskini Yani bila, berip sizin yazsyi erkinizga, aytip: sövgaysiz sizin sinarinizni, necyik sizin boyunca» [ТБ, 1-бап, 836]. – «Тыңдандар, ескі төреде қалай деп айтылған, ал мен сендерге жаңадан қалай бұйырамын, ескіні жаңамен бекітіп, сіздің өз еркіңізге тапсыра отырып, айтамын: «өзіңізді қалай сүйсеңіз, жақыныңызды да солай сүйіңіз» [ТБ, 1-бап, 639б.]. ә) Жас, тың, соны мағынасында: йәңи кийөв – жас күйеу, йәңи көнү төрә – крисданларның жаңа әділ христиан заңы, т.с.с. «Жаңа» сөзі өлі, тірі қыпшақ тілдері мен басқа да түркі тілдерінде тегіс қолданылады.

#### **Заттың көлемін білдіретін сын есімдер:**

**Кіші** – кіші (қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен мағынасында). Evet ki oyularnin yaryusun etkay ulu biy, da kicyi biylar ulu biylar nin erkidan basyza oygunun yaryusun etmagay [ТБ, 10-бап, 896]. – Ұлы би ұлылардың жарғысын шығарсын, ал кіші билер ұлы билердің рұқсатынсыз ұрының жарғысын шығармасын [ТБ, 10-бап, 657б.].

Көне түркі тілінде «кичиг» тұлғасында кездесетін бұл сөздің соңындағы -иг жұрнағы арқылы, өлі етістік түбірден туындаған сын есім екендігін аңғаруға болады. XI-XIV ғасырлар арасында бірқатар сөздердің ортасы мен аяғындағы -қ, -к, -ғ, -г дыбыстарын түсіріп сөйлеу заңдылығы болған, осы заңдылыққа қыпшақ тілі де сүйенген. Қазақ тіліндегі «Ұлық болсаң – кішік бол», «Қостың кішігі болғанша, иттің күшігі бол» дейтін нұсқаларда сақталған «ұлық», «кішік» архетиптерінің қазіргі қазақ тілінде «ұлы», «кіші» болып айтылуы осы лингвистикалық заңдылыққа байланысты [4].

**Ұсақ** – кіңі (үлкен емес мағынасында). Egar ki yaryudan yoluzsa kimesaga ülü orucyta yerliga utru ant ne isyta da bolsa, egar ülü, egar кіңі, na ol yerliga berilmaz kerak Provoddan sonra nogarikunga antin tugallamaga, zacyan ki eksi da bir syaharlidirlar [ТБ, қосымша 77-бап, 190б.]. – Егер біреудің жарғыда жергіліктіге қарсы қандай болса да іс бойынша мейлі ірі, мейлі ұсақ ант беруі ұлы оразаға дәл келсе, онда бұл жергіліктіге антты, екеуі де бір қалада тұрғандықтан, Проводтан кейінгі сейсенбі күні тағайындау керек [ТБ, қосымша 77-бап, 713б.].

#### **Заттың мөлшерін білдіретін сын есімдер:**

**Көп** – көр (бірсыпыра, біраз мағынасында). Zera көр bardir, ki maztarlar özga dayfanin töralarini, ki könü töralari bar [ТБ, 1-бап, 836]. – Басқа тайпалардың төрелерін мақтайтын көп адамдар бар, оларда көне төрелері бар деп [ТБ, 1-бап, 638б.]. Көп мани – көп накыл, көп мүлк – көп мүлік, көп күч – көп күш, көп ахча – көп ақша, көп оғлан – көп бала, көп олджа – көп олжа, көп таныхлых – көп куәлік, көп үврән – көп үйрен, т.с.с.

**Аз** – аз (азғантай, шағын мағынасында). Аз ағырлых – аз ауыртпалық, аз дайфа – аз тайпа, аз дұшман – аз дұшпан, аз дүнійә - аз дүние, аз сөз – аз сөз, аз тирил – аз өмір сүру, аз ұлұс – аз ел, аз хазна – аз қазына, аз ахча – аз ақша, аз харджлых – аз шығын, т.с.с. «Аз» сын есімі өлі, тірі түркі тілдерінде түгел кездеседі, барлық дереккөздерде де беретін негізгі мағынасы «азғантай», «көп емес», «шағын» мағынасында жұмсалған. Тек қана татар, башқұрт тілдерінде «жеткіліксіз» мағынасын берсе, тува тілінде «сәл», «әрең» мағынасында жұмсалады. Г.Вамбери аз сөзінің шығу төркінін «ас, асты» (бір нәрсенің асты, төменгі жағы) сөзімен байланыстыра қарайды. Н.Поппе моңғолдың «ar-ai» (әрең, зорға), «age»

(жалғыз) сөздерімен салыстырады. Г.Рамстедт те осы пікірді қолдайды және бұл сөзді ғалым моңғолдың *ar-aï*, тунгус тіліндегі *aran, arba* (ұсақталу, азаю) сөздерімен және азу (салмақ тастау), арық сөздерімен де түпкілікті байланысы бар екенін айқын көрсетеді. Қыпшақ тіліндегі бұл форма қазіргі қазақ тілінде сол қалпында сақталған.

#### **Заттың шамасын білдіретін сын есім сөздер:**

**Ауыр** – азғр «ағыр» (жеңіл емес, салмақты мағынасында). Жастарда бәске ауыр нәрсе көтеретін, ауырды сүйретіп мақтанатын үйреншік бар, ал егер ауыр нәрсені көтергеннен олардың біреуі мерткісе, кім ақша тікті, бәстесті және бұл іске кім себеп болды, оның мерткікені үшін жарты айыпты төлеуге міндетті және одан бөлек мерткікеннен келген зиянын, емделу шығынын және бағасын төлеуі керек [ТБ, 7-бап, 667 б.].

Аталмыш сөздің түп-төркіні туралы Э.Севортян сөздігінде ежелгі түркілік форманың «ағыр» болғаны айтылады және бұл сөз хақас тілінде «ағур», өзбек тілінде «оғыр», алтай тілінде «уур», татарша «авыр», башқұртша «аур», қарақалпақ тілінде «авыр» секілді фонетикалық нұсқаларда ұшырасады. Бұл көне сөз біздің тілімізде сол мән-мағынасында сақталған, тек бір ғана өзгеріске ұшыраған, ол [ғ] дыбысының [у] дыбысына айналуы.

Ауыр сөзі қазіргі қазақ тілінде орта ғасырдағы көптеген мағынасын жоғалтып, негізінен салмаққа, қиындыққа қатысты мағынасы қалған. Бірақ ауыр сөзінің «көп» мағынасында қолданылғанын Р.Сыздықова көрсетіп берген: «Қазақтың батырлар жырлары мен лиро-эпостарында, ақын-жыраулар тілінде ауыр әскер, ауыр қол, ауыр жұрт, ауыр дәулет сияқты тіркестер кездеседі» [5, 40 б.]. Сонымен қатар ауыр сөзі әзірбайжан түрік тілдерінде «қымбат, бағалы», ноғай, чуваш тілдерінде «қауіпті», «қайғы» мағыналарын білдіреді.

#### **Заттың аумағын білдіретін сын есімдер:**

**Кең** – *ken* (көлемді аумақты, үлкен мағынасында). *Da yana yoluzur, bolgay, ki bir kimesa ovina bolgay, yuz yasyirmagay, ne bir berklikka kirmagay, da syahar icyina ken u tar yollar bila yurugay kerman icyina erkli, da aninkibiknin ustuna kimesa izdagay syaparunk anin tirliki ya mulklari usna, aninkibik syaparunkni tora dopostit etmastir etmaga* [ТБ, қосымша 58-бап, 181 б.]. – Тағы да жағдай кездесуі мүмкін: біреу үйінде болады, жасырынбайды, ешқандай бекіністе отырмайды, қаланың ішіндегі кең және тар жолдармен еркін жүреді және содан біреу оның тірлігі немесе мүліктері үстінен шпарунк талап етсе, ондай шпарунктіге төре рұқсат бермеуі керек [ТБ, қосымша 58-бап, 708 б.]. А.М. Щербак кең сөзінің архетипі ретінде *kan* (широкий) сөзін көрсетеді. Барлық түркі тілдеріндегі мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі мағынасымен сәйкес келеді.

**Тар** – *tar* (қысалаң, аумағы шағын мағынасында). *Da yana yoluzur, bolgay, ki bir kimesa ovina bolgay, yuz yasyirmagay, ne bir berklikka kirmagay, da syahar icyina ken u tar yollar bila yurugay kerman icyina erkli, da aninkibiknin ustuna kimesa izdagay syaparunk anin tirliki ya mulklari usna, aninkibik syaparunkni tora dopostit etmastir etmaga* [ТБ, қосымша 58-бап, 181 б.]. – Тағы да жағдай кездесуі мүмкін: біреу үйінде болады, жасырынбайды, ешқандай бекіністе отырмайды, қаланың ішіндегі кең және тар жолдармен еркін жүреді және содан біреу оның тірлігі немесе мүліктері үстінен шпарунк талап етсе, ондай шпарунктіге төре рұқсат бермеуі керек [ТБ, қосымша 58-бап, 708 б.].

Бірқатар тілдерде тар-дармен байланысты «тар» етістікті омофоны (*суживаться*), тарық/дар-ық (*узкий, тесный*) бар. Тар сын есімінің негізгі мағынасы мен тарығу, тарылу мағынасын беретін метафоралық сөз қолданыстары арасында байланыс бар және осылар арқылы тарық, тарығу, тарыл, тарылу етістіктерінің семантикалық құрамы жасалған [6, 277 б.]. Ескерткіштегі тар сын есімінің мағынасы «шағын» мағынасында ғана қолданылған.

#### **Заттың түсін, түр-реңкін білдіретін сын есімдер:**

**Ақ** – *az* «ах» (түс). Жалпы түркі тілдеріне ортақ, көнеден келе жатқан, кеңінен таныс лексема. Ақ сөзі түркі тілдерінде *aq//ax//af//a:q* формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б.мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып.

Э.В. Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген дегенді айтады. Енді бірқатар ғалымдар – Қ. Ғабитханұлы, Т. Жанұзақов «ақ» сөзінің шығу төркінін «ай» космонимімен сабақтастырып, оның фонетикалық өзгерісінің схемасы *ajas>aja>aj* болуы мүмкін деп болжайды.

**Қара** – заға «қара». Істің ақ пен қарасы, қара йер – қара жер, қара көңүл – қара көңіл, қара нийет – қара ниет, т.с.с. Қара өте көнеден келе жатқан, тілде актив қолданыстағы сөз болып табылады. Бұл сөз өзінің ұзақ даму жолында көптеген жаңа мағыналарға ие болып, өзінің семантикалық жүгін, салмағын молайта түскен. Реңкті білдіретін қара сөзі мен қара жер, қара көңіл, қара мал тіркестерін алып қарасақ, ортақ семантикалық мағынасы қарадан туындағанымен, келе-келе мағыналық жақтан алшақтану пайда болған, қазір олардың арасындағы мағыналық байланыс әлсіз.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қара сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. Қара сөзінің тура мағынасы – «ақтың қарама-қарсы түрі».

#### **Ұзындық, қашықтық өлшемдерін білдіретін сын есімдер:**

**Терең** – teran (түбі көз жеткісіз, тұңғыық, шыңырау мағынасында). Oylanlar, ki suvda yuvungaylar, da biri birsin boygay, ol cyazta toracyilar muninkibik isyni igi tergamaga kerak, egar ol turlu boyulma zliz boldi esa galagdan, ya yuraklanma ztan, ya yaman yurakindan, ya ovratkan klap, ya ol boyulgan kendi kendin satamadan battirdi suvnun teranina, da alar, ki anin bila yuvundilar, ol boyulgangabolusyma bolmadilar [ТБ, 5-бап=6. 86 б.]. – Егер балалар суға түскенде бірін бірі суға батырса, төрешілер мұндай істі жан-жақты тергеуі керек: суға немесе тентектіктен, немесе қызу ойыннан, немесе ашудан, немесе үйреткісі келгенде, немесе батып кеткеннің өзі терең суға сүңгігенде батты ма, онымен суға түскен балалар суға кеткенге болыса алды ма екен [ТБ, 5-бап=6. 667 б.].

**Биік** – biyik (төмен емес, зәулім, жоғары, көп қабатты мағынасында). Egar ki aninkibik isy yoluzsa oylanlar arasina, ki zaysi oylanlardan biyik yerdan sekirsa ocy bila da ol sekirmaztan nazis bolgay ya olumga bargay, kim sabap bolsa bu isyka, gezs basyin tölamaz kerak [ТБ, 6-бап=7. 86 б.]. – Егер балалардың арасында болған бәстесуден балалардың біреуі биік жерден секіріп, сол секіргеннен мерткісе немесе өлсе, бұл іске дем беруші болса, жарты құнды төлеу керек [ТБ, 6-бап=7. 667 б.].

#### **Заттың сапасын білдіретін сын есімдер:**

**Таза** – ari (таза, пәк, адамгершілік, ізгі қасиет мағыналарында). Da arikisyi zorzmastir köktagi yaryucusidan, ol turlu adam zorzmastir dunya yaryucususundan [ТБ, 9-бап, 88 б.]. –Таза адам көктегі жарғышыдан қорықпағандай, күнәсіз адам жердегі жарғышыдан да қорықпайын [ТБ, 9-бап, 652 б.].

**Ізгі** – ari. Egar ki eslarina alsalar edi arzak‘ellarnin ari boyruzun, ki aytir: «yalyiz kensin a yazsyi klama, yozsa sinarina da» [ТБ, 7-бап, 87 б.]. – Олар әулиелердің ізгі бұйрығын естеріне алсын: «Тек өзіңе ғана емес, қарсыласыңа да жақсылық тіле» [ТБ, 7-бап, 647 б.].

**Киелі** – ari. Tanizliz beriyir munar ari bitiklar, kimesa kendinin k‘ahanasin pambas etmasin, anin ucyun ki arzak‘ellarnin boyruzudur [ТБ, 13-бап=15. 90 б.]. – Киелі кітаптар бұған қуәлік береді: ешкім өзінің бабасын жамандамасын, бұл елшілердің қағидасы [ТБ, 13-бап=15. 669 б.].

**Діни** – ari. Dayi da bardir көр түрлү haybatliq ki [=haybatliqi] bu isylarnin ari bitiklarda [ТБ, 2-бап, 84 б.]. – Тағы да діни жазуда осындай даңқты істердің көптеген түрлері бар [ТБ, 2-бап, 641 б.].

Көне түрк тілінде арығ тұлғасында кездесетін бұл сөз ескерткіште «ары» сипатында қолданыста болған. Тіліміздегі ар (ар-намыс) сөзі, осы сөздің абстракцияланып, соңындағы [ы] дыбысының түсуі арқылы қалыптасқан. Қазақта ары таза адам деп айтылып жатады, бұл адамгершілігі жоғары, таза адам дегенді білдіреді. Қазіргі қыпшақ тілдерінде ару сөзі

осы сөздің орнында жұмсалып, пәктікті, тазалықты білдіріп, нәтижесінде ару (қазақ тілінде – ару (сұлу), татарша – ару (таза), башқұртша – арыу (таза), қырғызша – ару (сап, таза), ал оғыз тобындағы тілдерде ары (түрік, азербайжан тілдерінде – ары) сипатында қолданылады. Қыпшақ тілінде бұл сөз «әулие», «қасиетті» деген мағынада да қолданылған. Мысалы: жаны ары (жаны таза), бой арувлықы (бой тазалығы). Бұл сөздің көне түрік ескерткішіндегі қолданысын «Тоныкөк» ескерткішінен кездестіреміз. Ару сөзі «Құтадғу білікте» - **арыз** түрінде қолданылады, карақалпақ, қараим, қырым татарлары тілінде - **арув**, моңғол тілінде - **ариг** формаларында кездеседі. Қазақ тіліндегі ар-ұят, арман сөздері - **таза ниет, ардагер, арыс** сөздері - **арлы азамат** деп ұғынсақ, тазалықты айқындайтын мағыналық, іліктестік көреміз. Сонымен қатар қазақта қайтыс болған адамға қатысты қолданылатын «ақ жауып арулап қою» дегендегі арулау «тазарту» деген ұғымды аңғартады, өйткені этномәдени ұғымның санасында ақ түс тазалықтың, пәктіктің нышаны, адам мәңгілікке «ақ», «таза» болып аттануы тиіс. Бұл сөз хакас, татар тілдерінде «тазалау», «жуыну», «жуу» мағынасында келіп, арула// арығла тұлғаларында айтылады. Ару сөзінің «таза, игі» ұғымы қазақ тілінде және бір жерде сақталған секілді. Ол «Арма! Армысыз!» деп айтылатын сөзде, мұның өзі көне сөз деп қарастырамыз. Моңғол тілінде арығ сөзі «таза» мағынасында қолданылады, В. Радловта арула – «тазалау». Бұл сөздің тегі түркі, моңғол тілдеріне ортақ болса керек [7, 123 б.].

Зерттеудің мақсаттылығы үшін қатыстық сындар ішінен деривациялық сипаттағы сындар бөліп қарастырылды, олар: есімдерден және етістіктерден жасалған қатыстық сын есімдер. Есім сөздерден жұрнақтар арқылы жасалған сын есім сөздер: azıllı (ахыллы) «ақылды», esli (еслі) «есті», essiz (eccіз) «eccіз», harsız (hарсыз) «арсыз», inamlı (инәмлі) «сенімді», inamsız (инамсыз) «сенімсіз, опасыз», yarlı (йарлы) «жарлы», könullu (көңүллі) «көңілді», körklu (көрүкүлү) «көрікті», xorzulu (хорхұлы) «қорқынышты», xorzusuz (хорхусыз) «қауіпсіз», möhurlu (мөһүрлі) «мөрлі», möhursuz (мөһүрсүз) «мөрсіз», ölümlu (өлүмлі) «өлімді (іс)», sukurlu (шүкүрлі) «шүкірлі», tırlay (тіріләй) «тірідей», tözumlu (төзүмлі) «төзімді», avalgı (авалгі) «алғашқы», kuvattı (куватті) «қуатты».

Етістіктен сын есім жасаған сөздер ескерткіште көп жұмсалған: kecevlü (кечевлу) «өтпелі», keraklı (керәклі) «керекті», kelisimli (келисимли) «келісімді», tözumlu (төзүмлі) «төзімді», burmalu (бұрмалу) «бұрмалы», ıckılı (ічкілі) «ішкіш», ölümlu (өлүмлі) «өлімді», т.б.

**Ақылсыз** – essiz. Ya sayisylar edi, ki törani zoıgan essiz edi [ТБ, 2-бап, 84 б.]. – Немесе олардың ойынша, төрені орнатқан ақылсыз болған [ТБ, 2-бап, 640 б.].

**Арсыз** – hörmatsiz. Yanacyı, eıar ki töracyı eıritöra etsa, aninkibik isyta tanizliz bila yetkizgan bolsa, hörmatsizundalğan bolıay [ТБ, қосымша 2-бап, 165 б.]. – Сонымен қатар, төреші теріс төрелік етсе, ондай іс куәландырылумен дәлелденсе, ол арсыз деп жариялансын [ТБ, қосымша 2-бап, 664 б.].

**Біліксіз** – biliksiz. Eıar kimsa biliksiz esa, övransin, a eıar tugal övrangan esa da munda nema eksik tapsa, kendi tugallasın [ТБ, 2-бап, 84 б.]. – Егер кімде-кім біліксіз болса, үйренсін, ал егер білсе, қандай кемшілік тапса, өзі толықтырсын [ТБ, 2-бап, 642 б.].

**Даңқты** – haybatlıq. Dayı da bardır köp türlü haybatlıq ki [=haybatlıqı] bu isyların ari bitiklarda [ТБ, 2-бап, 84 б.]. – Тағы да діни жазуда осындай даңқты істердің көптеген түрлері бар [ТБ, 2-бап, 641 б.].

